

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің
«Юрий Гагарин атындағы негізгі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қайта өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Құлан ауылы

«21» қаңтар 2025 жыл

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің юрий Гагарин атындағы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы, Сейфуллин көшесі №17БСН: 030840004660, Индекс: 080900

2) Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):

Жұмыс телефоны: 872631-4-11-45, Эл.пошта: abb_kairat71@mail.ru,
web-сайт: kulan-gagarin.mektebi.kz

3) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің 2024 жылғы 12 желтоқсан №571-ЖҚ бұйрығына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің Юрий Гагарин атындағы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазына у.м.а Сүмесін Айнагүл Әбділқызына жүктелді.

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Жамбыл облысы Әділет департаменті, Т.Рысқұлов ауданаралық Әділет басқармасы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 22.02.2023 жылы жүргізді. Алғаш тіркелген күні: 21.01.2022 ж. БСН: 030840004660
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына (бұдан әрі-Жарғы) 28. 05. 2024ж №134 өзгерістер енгізілді.

5) Рұқсат етуші құжаттар:

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесіне 01.06.2007жылы (алғашқы берілген жылы: 01.06.2007 жыл) Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің Юрий Гагарин атындағы негізгі мектебі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне лицензия №0062812, білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

Жіберілген кемшіліктер бойынша

1. Күнделік бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары вариатив сағаттар жеке-жеке көрсетілген, бекітілген. Алайда, 2021-2022 оқу жылы «Логика» вариативті сағатында 32-деп көрсетілген, соңғы «0-10 сандары» тақырыбына 2 сағат беріліп 23.05.22 және 10.01.22 күндері қойылған. «Әріптер әлемі» вариатив сағаты жылына 33 сағат, алайда барлық берілген сағат саны 32.

Жөнделген жұмыстар. 2024-2025 оқу жылында вариативтік сағаттар жоқ.